

Түркістан облысы
Шардара ауданы
Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектеп

Пәні: Математика
Тақырыбы: «Бөлшектерді қосу және азайту»
Сынып: 4«А»

Сынып жетекшісі: Шоманова З

2022-2023 оқу жылы

Қысқа мерзімді жоспар

Математика 110-сабақ

Бөлім:	Қоршаған ортаны қорғау. Бөлшектер және пайыздар	
Мұғалімнің аты-жөні	Шоманова З	
Күні:	21.02.2023ж	
Сынып: 4А	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Бөлшектерді қосу және азайту	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	4.1.2.1 бөлімдері бірдей жай бөлшектерді қосу және азайту амалдарын орындау 4.1.2.5 бөлімдері бірдей жай бөлшектерді салыстыру, теңдеулерді шешу	
Сабақтың мақсаты	• бөлімдері бірдей жай бөлшектерді қосады және азайтады; • бөлімдері бірдей жай бөлшектердің бөлімін өзгертпей қалдырып, алымдарын қосып және азайтып есептерді орындайды • бөлімдері бірдей жай бөлшектерді салыстырады, теңдеулердің шешу жолдарын біледі	
Бағалау критерийлері	• жай бөлшектердің құрылуын біледі • бөлімдері бірдей жай бөлшектерді салыстырады • бөлімдері бірдей жай бөлшектерді қосу және азайту амалдары бойынша есептерді шығарады • есептердің шартын құрастырып, шешуін, жауабын жаза алады	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру, өзін – өзі тексеру Өткен білімді еске түсіру 3 мин	Психологиялық ахуал қалыптастыру Топқа біріктіру 1 топ Шаршы 2 топ Ромб 3 топ Үшбұрыш Үй тапсырмасын пысықтау -Үйге қандай есеп берілді? №7 есеп Оқушыларға жазып келген есептерін оқыту «Дұрыс немесе бұрыс» деп жауап айтады Өткен тақырыпқа шолу, жаңа тақырыпты ашу «Бағыт-бағдар» әдісі -Қарама –қарсы бағытта қозғалған нысандардың арақашықтығын қалай білеміз? -Пропорционал бөлуге арналған есептерді қалай шығарамыз? -Логикалық есептер дегеніміз не? -График деген не?	Оқушылар есептерді оқиды Сұрақтарға жауап береді.	Жарайсың! Керемет! Ақша суреттерін дұрыс жауапқа беріп отыру 2000тг-3 5000тг-4 10000-5 Сұрақтарға жауап береді. Жауабын толықтыру, тиімді кері	банкомат карточка ақшалардың суреттері

	-Жалған немесе ақиқат екендігі туралы нақты қалай айтамыз? -Жарайсыңдар! -Өте жақсы, онда бүгінгі сабағымызда бөлшектерді қосып, азайтуға арналған тапсырмаларды орындайтын боламыз.		байланыс жасау.	
Жаңа білім 10 мин	Жаңа сабақ Есінде сақта! Бейнежазба көрсету Электронды оқулық Бөлімдері бірдей бөлшектерді қосқан кезде бөлімі өзгеріссіз қалады да, алымдары бір-біріне қосылады. Бөлімдері бірдей бөлшектерді азайтқан кезде бөлімі өзгеріссіз қалады да, алымдары бір-бірінен азайтылады. Оқулықпен жұмыс Топтық тапсырма «Пазл» әдісі арқылы жүзеге асады 1 топ №1 тапсырма Пазлды құрастырып қандай сурет шығатынын анықтайды. 1 сурет ЭКСПО суреті Оқушыларға сұрақтар қою -ЭКСПО қай жылы, қай айда және қай қалады өтті? ЭКСПО көрмесіне 115 мемлекет және 22 халықаралық ұйымдар қатысты. Егер біз 1 тапсырманы орындасақ, қанша зерттеулер енгізілгенін білетін боламыз? $(676+9980+5996):2-8196=130$ 2 топқа 2 тапсырма Суреттерге қарап, есептерді шығарыңдар. Ш: $4/12+5/12=9/12$ Ж: $9/12$ бөлігіне көшет отырғызылды. Ә) Ш: $9/12-4/12=5/12$ Ж: түстен кейін $5/12$ бөлігіне отырғызылды. Топтық жұмыс 4 тапсырма «Мультифото» әдісі. Әр топқа суреттер беріледі. А 3 параққа есептің шартын, шешуі, жауабын құрастырып орындайды Есептерді шығарыңдар. А) Ш: $8/20+9/20=17/20$ м Ж: $17/20$ м шөп төселді. Ә) Ш: $16/25-9/25=7/25$ Ж: $7/25$ бөлігі артық жөнделді. Б) Ш: $4/10+3/10=7/10$ Ж: $7/10$ бөлік түтікше тартылды. Сергіту сәті 5 тапсырма Ұжымдық жұмыс «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» әдісі Есепті шығар.	Тапсырмаларды орындайды. Сұрақтарға жауап береді	Дескриптор: - Өрнектің мәнін есептейді - 1балл. Есептің шешуін, жауабын шығарады - 2балл. Бөлшектерді қосып, азайтуды орындайды - 1балл. Берілген тапсырманы оқып түсінеді есептердің шешуін, жауабын шығарады - 2балл.	Интерактивті тақтамен жұмыс ЭКСПО Жер телімі суреттері Суреттер Жұмысшылар суреті
2 мин		Сергіту жаттығуларын жасайды		
15 мин				

Бекіту 13 мин	Ш: $189000:(3+6)=21000$ $3*21000=63\ 000$ $6*21000=126\ 000$ Ж: бірінші жұмысшы 63000тг,екінші жұмысшы 126000тг жалақы тапты. 3,6,7 тапсырма Жұптық жұмыс «Пицца»әдісі Есептеңдер. Пицца бөліктерінің ішіндегі есептерді орындайды №3 $13/50+12/50+2/50=27/50$ $56/100+15/100-9/100=62/100$ $19/25+6/25+3/25=28/25$ $(20/45+18/45)-29/45=9/45$ №6 Өрнектерді салыстырыңдар. $4/7=7/7-3/7$ $5/9+2/9>1/9+4/9$ №7 Теңдеулерді шешіңдер. $8/100+x=34/100+56/100$ $8/100+x=90/100$ $x=90/100-8/100$ $x=82/100$ $8/100+82/100=34/100+56/100$ $90/100=90/100$ $60/90-(6/90+x)=29/90$ $6/90+x=60/90-29/90$ $6/90+x=31/90$ $x=31/90-6/90$ $x=25/90$ $60/90-(6/90+25/90)=29/90$ $29/90=29/90$ №9 тапсырма «Мене сұрақ,сізден жауап»әдісі Ойланып жауап берейік, Сабақты қорытындылау «Кахот»ойыны Өтілген тақырыпқа байланысты сұрақтар интерактивті тақтада беріледі.Оқушылар топталып компьютермен немесе телефонмен жұмыс жасайды.	Тапсырмаларды орындайды Тапсырмаларды орындайды.	Есептің шартын құрастырады 1балл. Шешуін тауып, жауабын жазады 1 балл Өрнектерді салыстырады -1балл. Теңдеулерді шешеді-1балл.	Пицца бөліктерінің суреттері Мандарин бөліктері Ноутбук телефон
Қорытынды 2 мин	Кері байланыс: «Мұғалімге хат»әдісі арқылы өтеді. Бүгінгі сабақта тақырыпты түсінгені,түсінбегені туралы хат қалдырады. Үй тапсырмасы: 102-бет №8,10.	Қорытынды жасайды	Қай топ қанша ақша жинайды ? сол топ банкоматқа салып карточка алады	

